

2010 жылға қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 18/01 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 қазанда N 8-14-128 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 13 сәуірдегі N 8-9/304 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімі аппараты басшысының 2011.04.13 N 8-9/304 хатымен)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өкілетті органда тіркелген, нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес нысаналы топтарға жататын 10 жұмыссыз үшін үш ай мерзімге қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын Нұра ауданының ұйымдары мен жеке кәсіпкерлерінің тізбесі бекітілсін.
2. Ұйымдар мен жеке кәсіпкерлерге қосымша әлеуметтік жұмыс орындарды тәртіп бойынша ұйымдастыру үшін Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен қажетті шарттарды жасасу ұсынылсын, сонымен қатар еңбек түрі, мерзімі, жағдайы көрсетілген жеке еңбек шартына сәйкес жұмыссыздардың жұмысқа қабылдануларын жүзеге асырсын.
3. Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Жүпенова Гүлнар Тақуқызы) белгіленген тапсырма талабы мен осы мақсатқа бөлінген қаржының шегінде ұйымдар мен жеке кәсіпкерлердің өтінімдері бойынша жұмыссыз азаматтарды қосымша әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша орналастыру үшін жолдама берсін.
4. Нұра ауданының қаржы бөлімі (Мақсұтов Данияр Зарлықұлы) 2010 жылы қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру шараларына бюджет қаражатында осы мақсаттарға сәйкес қарастырылған жалпы сомасы 222000 (екі жүз жиырма екі мың) теңгемен қаржыландыруды жүзеге асырсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара

